

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІ

«Электронды оқыту» термині жақында пайда болды. Ол білім беруде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдануда компьютерлік оқыту технологиялары, интерактивті мультимедиа, веб-технологиялар негізінде оқыту, онлайн оқыту және т.б. сияқты бірқатар инновацияларды біріктіреді. Заманауи білім беру жүйесінің дамуына ақпараттық ұйымдардың барлық салаларына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың ықпал етуі және енуі себеп болды, және, сонымен қатар, Интернет-технологиялар құралдарына еркін қол жетімділіктің пайда. Бұл процестер білім беру үдерісіне дәстүрлі тәсілдердің елеулі өзгеруін алдын-ала анықтайды.

Заманауи АКТ студенттер мен оқытушыларға дәстүрлі емес ақпарат көздеріне жол ашады, өзіндік жұмыстың тиімділігін арттырады, шығармашылыққа мүлдем жаңа мүмкіндіктер береді, білім алушылардың қабілеттерін танытуға және анықтауға, әртүрлі дағдыларды игеріп бекітуге мүмкіндіктер ұсынады, оқытудың жаңа формалары мен әдістерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл қол жеткізу құралдарына жергілікті және ғаламдық ақпараттық желілер, телеконференциялар, электрондық пошта, форум, чат және т.б. жатады.

Электронды оқыту анықтамасына келетін болсақ, ЮНЕСКО сарапшылары берген анықтамаға сәйкес, электронды оқыту - «e-Learning - Интернет пен мультимедияны қолдану арқылы оқыту» деп табылады. Осылайша, электронды оқыту Интернет пен мультимедияның дамуының арқасында пайда болды және бұл ақпараттық және электрондық технологияларды қолданатын білім беру жүйесі.

Бүкіл әлемдегі техника мен ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы білімді жіберу мен генерациялаудың жылдам процестерін қажет етеді. Электрондық оқыту құрал ретінде осы мақсаттарға сәйкес келеді.

Электронды оқытуға келесі процестер жатады:

- дербес компьютер, ұялы телефон, DVD-ойнатқыш және басқа электронды материалдарды пайдалана отырып, электронды материалдармен өзіндік жұмыс;
- қашықтағы сарапшыдан (оқытушының) кеңес және баға алу, қашықтықтан өзара әрекеттесу мүмкіндігі;

- ортақ виртуалды оқу қызметін жүргізетін пайдаланушылардың (әлеуметтік желілердің) таратылған қауымдастығын құру;

- электрондық оқу материалдарын тәулік бойғы уақытылы жеткізу; электрондық оқыту материалдары мен технологияларына, қашықтықтан оқыту құралдарына арналған стандарттар мен талаптар;

- кәсіпорындар мен құрылымдар басшыларының ақпараттық мәдениетін қалыптастыру және жетілдіру, олардың заманауи ақпараттық технологияларды меңгеруі, қызмет тиімділігін арттыру;

- инновациялық педагогикалық технологияларды меңгеру, оларды оқытушыларға беру және жеткізу;

- білім берудің веб-ресурстарын дамыту мүмкіндігі;

- кез-келген уақытта және әлемнің кез-келген жерінде заманауи білімді алу мүмкіндігі;

- арнайы психофизикалық дамуы бар адамдарға жоғары білімнің қол жетімділігі.

Сонымен қатар электрондық оқытуға электрондық оқулықтар, білім беру қызметтері мен технологиялары да кіреді. Электрондық оқыту білім беруде компьютерді қолданудан басталды. Бастапқыда компьютерлік оқыту әдеттегі, классикалық тәжірибелік жаттығулармен алмасып отырды. Бірақ, электрондық оқыту оқытушылардың бетпе-бет тілдесуін жоққа шығармайды.

Электрондық оқытуда ең танымал «жүйелері» болып қашықтықтан оқыту жүйесі немесе ҚОЖ табылады. Бұл термин қазіргі уақытта жоғарғы білім беру жүйесінде жиі және кең қолданылады, сол себептен «Электрондық оқытуды енгізу» түсінігі «ҚОЖ алу және орнату»-дың синонимы ретінде қолданылады.

Электрондық оқытуды дамытудың үш кезеңін ерекшелеуге болады:

1. CD-ROM тасымалдаушылардағы курстар;
2. оқытушылар мен қашықтықтан оқыту;
3. арнайы интерактивті бағдарламаларды қолдана отырып, электронды оқуды, көбінесе арнайы ақпарат құралдарында (электрондық оқулықтар).

Электрондық оқыту тұжырымдамасы Интернет-технологиялармен бірге дамыды және қажетті материалдарды кез келген жерден жүктеу, орындалған тапсырманы беру және оқытушымен кеңесу мүмкіндігін қамтиды. Ең бастысы, бұл функцияларды электронды бағдарламалардың тасымалдаушысы қолдайды. Электрондық оқытудың дамуы тікелей тасымалдаушылардың дамуына байланысты, бірақ оның әлеуетін толық ашатын электрондық оқулықтар әлі де әзірленуде.

Электрондық оқыту - бұл салыстырмалы түрде жаңа құбылыс, сондықтан ол тек техникалық бөлігінде ғана емес, сонымен қатар заңнамалық база, стандарттау және т.с.с. бірқатар даму мәселелер тап болады. Электрондық оқытуды дамытудың негізгі мәселелеріне мыналар жатады:

- электрондық оқу материалдарының критерийлері мен жалпы сапа стандарттарының жоқтығы, ақпаратты Интернет арқылы беру мүмкіндігі жеткілікті түрде ашылмаған: көбінесе мәтін және қарапайым графика сияқты формалар қолданылады;
- электрондық оқытудың нормативтік-құқықтық базасымен, сондай-ақ авторлық құқықты қорғау мәселелерімен де байланысты заңды мәселелер;
- қаржыландыру мәселелері (әзірлеу, деректерді сақтау, веб-ресурстарды құру, олардың қызметін қолдау және жаңарту шығындары);
- кадрлық мәселелер (білікті кадрлардың жетіспеушілігі, оларды даярлаудың күрделілігі).

Электрондық оқытуды жоғары білім беру саласында қолдану сабақта жайлылық деңгейін арттырады, студенттерді емтихан тапсыру кезінде тыныштық жағдаймен қамтамасыз етеді және студенттердің оқуға деген мотивациясын арттырады. Жоғары оқу орындарында оқытудың электронды әдістерін қолдану университеттің білім деңгейін көтеруге және білім беру қызметінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді, сонымен қатар университеттің білім беру мақсаттарын жүзеге асыруда үлкен икемділікті қамтамасыз етеді.

Электрондық оқыту жоғарғы оқу орындарға өнімділікті арттыруға, күндізгі сабақтарды өткізу шығындар деңгейін азайтуға, білім алмасуд процесін жақсартуға және оқыту шығындарын минимизациялауға мүмкіндік береді.

Жоғарғы оқу орында электронды оқыту технологияларын қолдану келесі мүмкіндіктерді береді:

- ЖОО ұсынатын жоғары сапалы білім беру қызметтерінің спектрін кеңейту және оқыту курсы жоспарлау кезінен бастап оның аяқталуына дейін оның дәйектілігін қамтамасыз ету;
- емтихан тапсыратын студенттердің тиімділігін арттыру;
- білім алу үшін жағдайды жақсарту арқылы оқылатын материалдың тартымдылығын арттыру;
- ЖОО оқытушыларының кәсіби өсуі мен біліктілігін арттыру мүмкіндіктерін кеңейту;
- бір уақытта оқитын студенттердің санын көбейту;
- студенттердің оқу жүктемесін азайту;
- аралық және қорытынды бақылауды тестілеу түрінде жүргізуге;

- ЖОО оқытушылары мен студенттері үшін кері байланыстың тиімділігін арттыру және т.б.

Сонымен, жоғары оқу орындарында электронды оқыту технологияларын қолдану білім беру үдерісінің тиімді әсер етеді, оның ішінде студенттер мен оқытушылардың жеке ресурстарының дамуына ықпал етеді, мақсат қою дағдыларын, өз бетінше ойлау, бастамашылық пен жауапкершілікті қалыптастырады деген қорытынды жасауға болады.

Әдебиеттер

1. Муромцев А. Н. Электронное обучение как форма дистанционного образования // Личность, семья и общество: вопросы педагогики и психологии. Сборник статей по материалам XXXIII международной научно-практической конференции № 10 (33). – Новосибирск: Изд. «СибАК», 2013. – 198 с.

2. Концепция казахстанской системы электронного обучения e-learning и первые результаты ее внедрения в систему образования. – Алматы, АО НЦИ, 2012. – 56 с.

3. Исследование: электронное обучение в вузах Европы/ Проект Newtonew – образование как стиль жизни. Опубликовано: 26.05.2015. Санкт-Петербург, 2014. URL: <https://newtonew.com/tech/issledovanie-elektronnoe-obuchenie-v-vuzah-evropy> (дата обращения: 19.04.2018).